



# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ



**Т.Ә.ҚОЖАМҚҰЛОВ,**  
Әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ-дың ректоры

**Құрметті  
Ұстаздар мен  
студенттер!**  
Жер ананың тоңы  
жібіп, қар көбесі  
сөгіліп, тіршілік  
атаулы тірлік  
танытқан шақта,  
дәстүріміздегі жөн-  
жоралғы, салт-  
сананы түгел  
қамтыған, татулық  
пен жақсылықтың  
белгісі – Ұлыстың  
ұлы күні Наурыз  
мерекесімен  
құттықтаймын!  
Сіздерге қуаныш пен  
шаттық,  
дендеріңізге саулық,  
отбасыларыңызға  
амандық тілеймін.  
Ұлыс оң, ақ мол  
болсын!

## Бірлік пен ынтымақ мерекесі – ӘЗ - НАУРЫЗ



Асыға күткен шырайлы көктеммен бірге Жыл басы Наурыз да табалдырығымыздан аттап үлгерді. Наурыз – шығыс елінің бүкілхалықтық мейрамы. Бұл мейрамды шығыс халықтары жыл басы мерекесі ретінде тойлап, ерекше күн ретінде атап өтеді. Өйткені, табиғат ана жаңарып, күн мен түн теңелген осы күні кәрі-жас Тәңірден тілек тілеп, өкпе-реніштерін ұмытып, келер күнге үлкен сенім артқан. Бір-бірін шын жүректен құттықтап, елімізге татулық пен ынтымақ тілейді. Малдың аузы көкке, елдің аузы аққа тиеді. Наурыз туралы мифологиялық аңыздар, әңгімелер өте көп.

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесінің еліміздің барлық жерлерінде кеңінен тойлануы үрдіске айналған. Ол бір ай бойы жалғасын табатын. Алайда, мемлекеттік деңгейде 2007 жылғы доңыз жылының келуін бір күнде атап өту жөнінде шешім қабылданып, бұл биылғы басты ерекшелік болып қалыптасты. Яғни, бүкіл Қазақстан бойынша жаңа жылды 21 наурыз күні қарсы алды. Бұл дәстүрден Қазақстан жоғарғы мектебінде айтулы орны бар, жо-

ғарғы оқу орындары ішінде алдыңғы қатарлы баспадақты иеленген Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де қалып көрген емес. Жыл сайын қасиетті қара шаңырақта киіз үйлер тігіліп, Студенттер сарайының алдына студенттер өз өнерлерін көрсететін. Осы жылғы Наурыз мейрамын университетте атап өтудің негізгі ерекшелігі Ұлыстың ұлы күнін әр факультет жеке-жеке ұйымдастырды. Университет жетекшілігі, факультет басшылары мен ұстаздар,

студенттер ұлттық киімдерін киіп, Наурыз мейрамын жылдағыдан өзгеше қарқынмен тойлады. Факультетте, жатақхана маңына киіз үйлер тігіліп, наурыз көже таратылды. Ұстаздар студенттердің өнерлеріне қызықтап қана қоймай, бата-тілектерін айтып жатты. Ал, 22 наурызда Студенттер сарайында студенттер өздерінің өнерлерін паш етіп, халықты әсем ән мен күмбірлеген күйіне елітіп, әр ұлт өкілдерінің өнерлерін ортаға салды. Бұл кешті Тіл және тәрбие ісі жөніндегі проректор, филология ғылымдарының докторы, профессор Намазалы Омашұлы ашып, барлық жиналған жұртты Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады. Намазалы Омашұлы Наурыздың шығыс халықтары, оның ішінде қазақ ұлтының руханиятында қандайлық орны бар екендігіне тоқталып, мереке болмыс-бітімінің табиғатын барынша айшықты түрде ашып берді.

(Жалғасы 2-бетте)



— Құттықтаймыз!!! —

Қасиетті қара шаңырағымызда тәрбие ісі де, қоғамдық жұмыстарға белсене араласу да өзге жоғарғы орындарына қарағанда біліктілікпен бір ізге түсірілген. Оның дәлелі – Ұлыстың ұлы күні қарсаңында ҚазҰУ ұжымына “Наурыз мейрамына” арналған 2007 жылдың 17 наурызында өткен бүкіл қалалық сенбілікте көріктендіру мен санитарлық тазалау жұмыстарын үздік ұйымдастырып өткізгені үшін берген Алматы қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетовтың Алғыс хаты. Алғыс хат ҚазҰУ профессорлар мен оқытушылар құрамына білдірілген мерекелік ыстық лебіз екені даусыз. Осы марапатпен әріптестерімізді шын жүректен құттықтаймыз!

БҮГІНГІ

САНДА:

Сенат депутаты  
Жолдау туралы  
ой бөлісті



3-бет



Бәсекеге  
қабілетті  
тіл – ҰЛТ  
БОЛАШАҒЫ

4-стр



“Қазақ  
елі –  
мәңгілік!”

6-бет



ДІНІНЕ  
ҚАЛЖАН  
ІЛМІН,  
РУХСЫЗ  
ҰЛТТЫҢ  
КҮНІ МҮН

8-бет



## Бірлік пен ынтымақ мерекесі – ӘЗ - НАУРЫЗ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мерекенің сәнін асқақтаған өн, әуелеген күй одан әрі кіргізіп, көңіл көкжиегін көтеріп, жиналғандардың рухани жігерін жани түсті. Қыдыр ата халыққа ақ батасын беріп, жаңа жылдан жаңа жылға жағымды жаңалықтарымен жете беруді тіледі. Стундеттермен қоса, Наурыз мерекесін тамашалауға келген Алматы жұртшылығында есеп болмады.

Биылғы Ұлыстың Ұлы күні қарсаңында қазақстандықтар үшін Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауының жариялануы айрықша көрініс тапты. Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену міндеті қай салаға болмасын дамудың жаңа кезеңіне қадам басуды талап етіп тұр. Осы Жолдауда сондай-ақ, болашақта еліміздің тізгінін ұстар жастарымыздың жағдайын жасап қана қоймай, оларды да Үкімет жұмысына тарту туралы тың бастамалар көтерілген.

Осының нәтижесінде оқу орындарында өзін-өзі басқару жүйелері жұмыс істеп жатса, бұл игі іске биылғы Жолдауда міндеттелген қазақстандық әр маманның алған білімдері әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтындай дәрежеде болуын қамтамасыз ету талабы да күшеймек. Білім саласына қойылған бұл сынақ сапалы біліммен қатар саналы ұрпақ тәрбиесін қамтамасыз етері сөзсіз.

Қазақ білімі мен ғылымының қасиетті қарашанырағы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың “Сапа саласындағы жетістіктері үшін” сыйлығын алуда да, сапалы білім беруде де, білімді де білікті, бәсекеге қабілетті мамандар тәрбиелеуде де бар күш-жігерін салып келе жатқандығы аян. Еліміздегі алдыңғы қатарлы жоғарғы оқу орындарының көшбасшысы ҚазҰУ-ға Елбасы сенім артқаны бекерден бекер емес. Сапалы білім беріп, болашақ мамандар дайындауда әрқашанда үздік орында болып келе жатқан университеттің бірі. 5 ақпан күні Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Студенттер сарайында ҚР Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаев келіп, “Жоғары оқу орнының үздік оқытушыларына” куәлік тапсырып кеткен болатын. 96 оқытушының ішінде біздің университетіміздің еншісіне 35-і бұйырған еді.

Бұл ғылым мен білім беру және ұрпақ тәрбиелеудегі үлкен жетістіктердің нақты көрсеткіші ғана емес, ҚазҰУ-дың табалдырығымызды аттаған Жаңа жылда да осындай асқаралы белестерден көрініп, одан әрі де егемен елдің бәсекеге қабілетті мемлекеттермен тең болуына бар мүмкіндігін аямайтындығының айғағы бола бермек.

Акерке  
АЛПАРОВА

# Сенат депутаты Жолдау туралы ой бөлісті

20 наурыз күні Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Қуаныш Сұлтанов Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері мен профессор-оқытушылар құрамымен кездесті. Сенат депутаты, Парламент Сенатының әлеуметтік-мәдени даму Комитетінің төрағасы Қуаныш Сұлтанов еліміздегі жетекші жоғарғы оқу орнына Президенттің Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау мен түсіндіру шаралары аясында келген екен.

Бұл кездесу екі жақтың да зор қызығушылығын тудырды. Депутаттар мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауының мазмұны мен маңызын көпшілікке түсіндіруге асықса, жоғарғы оқу орнының аудиториясы халық қалаулысының аузынан Президент айтқан кен ауқымды реформалар мен онтайлы өзгерістердің қашан және қалай жүзеге асатындығын, оқытушылар мен студенттер оның оң әсерін қаншалықты сезіне алатындығын білуге құмарты.

Қуаныш Сұлтанов ҚазҰУ ұжымының алдында Елбасының Қазақстан халқына Жолдауын бүге-шігесіне дейін талдап, жоғары білім беру ісі мен ғылымды дамыту мәселесіне ерекше тоқталып өтті. Содан кейін кездесу



пікір алмасуға жалғасып, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер сенаторға қоғамның өзекті мәселелері, Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуына қатысты сұрақтарын қойып, өз ұсыныстарын айтты. Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Баспасөз және ақпарат министрі, вице-премьер, Қазақстанның Қытай Халық Республикасындағы төтенше және өкілетті Елшісі сияқты өте жауапты әрі мәртебелі қызметтерді атқарған, саяси ғылымдардың докторы,

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының профессоры Қуаныш Сұлтанұлы да әр сұраққа байыпты, жан-жақты, толыққанды жауап берді.

Кездесу соңында Қуаныш Сұлтанов мұндай жүздесу маңызының зорлығын, жастар аудиториясынан ерекше қуат алып, қанаттанып, ерекше сезімге бөленгендігін айтты.

ҚазҰУ-дың  
Баспасөз қызметі

## Қазақтың көне тарихына арналған оқулық

16 наурыз күні Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің тарих факультетінің Е.Б.Бекмаханов атындағы дәрісханасында К.М.Байпақов, Ж.Қ.Таймағамбетовтердің авторлығымен дайындалған “Қазақстан археологиясы” атты жоғары оқу орындарына арналған оқу құралының тұсаукесер рәсімі өтті.

Көпшіліктің зор қызығушылығын туғызған бұл кітап, жиналған деректер қоры туралы осы еңбектің авторлары кең мағлұмат бере отырып, баяндама жасады. Кітапқа енгізілген қазба жұмыстары кезінде табылған құнды жәдігерлер бейнетаспа арқылы көрсетілді.

Соңғы жылдары елімізде жалғасын тауып жатқан “Мәдени мұра” бағдарламасы халықтың өзінің өткен тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылығын туғызып келеді. Осы орайда бұл оқу құралы Тәуелсіз Қазақстандағы археология ғылымының дамуының жаңа кезеңін сипаттайды.

Оқу құралы кіріспеден, алты тарау мен қорытындыдан тұрады. Кіріспеде ежелгі және орта ғасырлық Қазақстандағы қоғамның дамуы қарастырылған.

Кітап жоспарлар, кестелер, фото бейнелермен көркемделген. Оқу құралы, түсінікті, оқуға жеңіл, әдеби тілмен жазылған.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

■ Көрме

# Тілді дамытудағы жаңа серпіліс

Еліміздің қазақ тілін Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретінде жариялаған Конституциясына сәйкес, тіл саясатының басым бағыты мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданылуын қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстанның тіл саясаты елімізді мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстар тілінің дамуына да барынша жағдай жасауға бағытталады. Осы мақсатта 19-20 наурыз аралығында елордамыздағы Конгресс-Холлда Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырған “Мемлекеттік тіл – елдігіміздің алтын тұғыры” атты көрме болып өтті.

Көрмеге Қазақстан Республикасының премьер-министрі Көрім Мәсімов, Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаев, мемлекеттік тіл саясатын жетілдіру жөніндегі комиссия мүшелері, сенат депутаты Қуаныш Сұлтанов, мәжіліс депутаттары Мұхтар Шаханов, Амангелді Айталы, Бекболат Тілеухан және мемлекеттік

органдар мен ұлттық компаниялар өкілдері, жоғары оқу орындарының басшылары қатысты.

Республикалық көлемде өткізілген бұл шараға Қазақстанның 40-қа жуық жетекші білім ордалары мен ғылыми зерттеу институттары, қазақ тілін үйренуге арналған оқу әдебиеттерін шығаратын баспалар қатысып,

іс-қағаздарды жүргізу үлгілері, қазақ тілінің оқыту әдістемесін жетілдіруге арналған оқулықтар мен оқу құралдарын, электронды оқулықтарын,

жалпы айтқанда оқу үдерісіне керекті еңбектерін жұртшылық алдына жайып салды. Бұл көрмеге университетіміз де белсене араласып, қалың қауымды мемлекеттік тілді дамытудағы өз жетістіктерімен таныстырды. Университеттен 100-ге жуық қазақ тілін оқытудың теориялық және тәжірибиелік оқулықтары, көрнекі оқу құралдары, аудио, бейнематериалдармен қатар интранет жүйесінің қазақша үлгісі ұсынылды.

Шара барысында университеттің интранет жүйесіндегі “ректорат”, “деканат”, “студент”, “абитуриент” бағдарламаларының қазақша үлгісі қатысушылардың зор қызығушылығын тудырған жаңа бір серпіліс ретінде қабылданды және үлкен сұранысқа ие болып үлгерді. Мұндай жүйенің біздің

университеттен басқа оқу орындарында енгізілмегенін мақтанышпен атап өтуге болады.

Дегенмен, мемлекеттік тілді оқытудың уақыт талабына сай жаңа әдістемелер университетімізде кенже қалып отырғанына көзіміз жетті. Бұл ретте С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті оқу әдістемелік оқу құралдарының электронды түрін қолданудың озық үлгісін көрсетті.

Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырып отырған бұл көрменің мемлекеттік тіліміздің ары қарай қарқынды дамуына, қазақ тілін үйретудегі озық іс-тәжірибиелерді тарату мен алмасуға, қазақ тілін оқытуды жетілдіруге арналған жаңа технологиялардың, тиімді әдістемелердің, оқулықтардың жетілуіне және білім беру қызметі сапасының жақсаруына қосар үлесі зор.

Университет көлемінде жүргізілетін іс-қағаздардың қазақша үлгілері толығымен қалыптасып, қолданысқа енгізілген. Алайда факультеттерде, кафедраларда, сондай-ақ университеттің басқа да бөлім мен бөлімшелерінде ішінара жүргізілетін кейбір іс-қағаздар (бұйрық, қаулы-қарарлар, жылдық есеп, ұсыныс, хаттама, бұйрық көшірмелері және т.б.) мен қабырғадағы жазулар (хабарландыру, атаулар және т.б.) толық мемлекеттік тілде жазылып жүрген жоқ.

Сондықтан да, жақында ректорат отырысында ректорымыз Төлеген Әбдісағыұлы айтқандай: “Мемлекеттік тілдің қолдану аясын одан әрі кеңейтіп, оның мәртебесін көтеруге баршамыз жұмыла кіріссек”, нұр үстіне нұр болар еді!

С. Қ. СУАТАЙ  
Тілдерді дамыту бөлімінің  
бастығы



■ Жолдау

# ТАМЫРЫНА ДЕЙІН ТАРҚАТЫЛҒАН

Төлеген ҚОЖАМҚҰЛОВ,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университетінің ректоры

Қазақстан өзіне тән даму жолын қалыптастырып, күннен-күнге өркендеп өсіп, ілгері қарай нық қадам басуда. Бәсекеге қабілетті өркениетті 50 елдің қатарына қосылуда үлкен де кен ауқымды шаралар атқаруда. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы жылғы “Жаңа өлемдегі жаңа Қазақстан” атты халыққа Жолдауы да соның бір салықалы көрінісі. Онда “Қазақстан – 2030” стратегиясы негізінде өткен 10 жылымызды қорытындылап, келесі 10 жылдықтағы жұмысымыздың негізгі қағидаларын белгілеп берді. Егер бірінші бөлімінде: Қазақстандықтардың өмір сапасының артуы; Қазақстандық дамудың жаңа кезеңі – жан-жақты жаңғыртуды жеделдету; Бәсекеге қабілеттілік – Қазақстанның өлемдік экономика мен қоғамдастыққа табысты кірігуінің кілті; Жаңа кезеңнің негізгі міндеттері; Қазақстандық патриотизм мен саяси ерік-жігер – жаңа Қазақстанды құрудың аса маңызды факторлары деген мәселелер қарастырылса, екінші бөлімінде ішкі және сыртқы саясатымыздың аса маңызды 30 бағыты қамтылып, оның әрқайсысы жүйелі түрде тамырына дейін тарқатылып берілген. Елбасымыз экономиканың тұрақты дамуы қазақстандықтардың өлауқатын жақсартуды жалғастыруға мүмкіндік берді, бұл біздің саясатымыздың өлеуметтік нәтижелері, деді. Мысалы, Жолдауда көрсетілген барлық өлеуметтік қолдауларға жұмсалатын қосымша қаржы 2008 жылы 108 миллиард теңге құрайды екен. Ең қуаныштысы, бүгінгі таңда ел экономикасында осындай үлкен қаражатты қосымша жұмсау мүмкіндігі пайда болып отыр. Сонымен қатар, мемлекет бюджеті есебінен алдағы 3 жыл ішінде 100 мектеп пен 100 аурухана салу міндеті жүктелді.

Жолдаудағы аса маңызды тұстардың бірі ірі мемлекеттік холдингтер – “Самұрық”, “Қазына” және “ҚазАгро” ұлттық холдинг қызметін шоғырландырып, олардың жұмысын халықаралық стандарттарға сәйкес ұйымдастырып, толықтай халық мүддесіне қою қажеттігі көрсетілген. Осы арада бір айта кететін жөйт, инновациялық қор туралы. Оның жұмысын, тиімділігін кім қадағалап, кім жүргізіп отыр? Қаржының қайтарым тетіктері қандай? Бұл шешімін қажет ететін қордалы мәселе.

Жолдауда осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, “парасатты экономиканың” негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту мәселелері айрықша көрсетілген.

Бұл міндеттерді іске асыру мақсатында мынандай ұсыныстар айтуға болар еді.

Біріншіден, өлемдік стандарттарға сай жаңартулар жүріп жатыр. Олар білім мен ғылым саласына да қатысты. Қазақстан “Еуропа өңірінде жоғары білімге қатысты біліктіліктерді тану туралы” Лиссабон (11 сәуір, 1997 жыл) конвенциясына қол қойғаны белгілі. Қазақстанның бірнеше ұлттық университеттері Болоньяда “Университеттердің ұлт хартиясына” кірді. Қазіргі шақта Қазақстан білім беру жүйесінің түгелдей Болон үдерісіне енуі туралы мәселені мемлекеттік тұрғыдан қарайтын уақыт жетті деп есептеймін. Ол өлемдік білім беру кеңестігіне толық енуді қамтамасыз етеді.

Екіншіден, өлемдік білім беру кеңестігінің басты құжаттарының негізінде университеттердің автономиясы құрылып жатыр. Сондықтан жедел түрде біздің жоғары оқу орындарына, әсіресе, ұлттық университеттерге автономия беру мәселесі қарастырылғаны жөн. Ол білім заңында өз орнын табу қажет.

Үшіншіден, өлемде сапа саласында елеулі жетістіктерге қол жеткізген университеттерде бір студентті оқытуға жұмсалатын қаржы деңгейі өте жоғары. Біз де осы бағытта жұмыс жасауымыз қажет. Қызметкерлердің, олардың ішінде профессор-оқытушылардың жалақысын әркімнің жеке қабілеті мен еңбегіне қарай даралап төлеуге мүмкіншілік тудыру шарт.

Жолдауда онлайн төсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру қажеттігі айтылған. Осы міндетті іс жүзіне асыруды тақыр жерде емес, материалдық-техникалық өлеуеті жоғары, әсіресе, “адам қазынасына” бай ұлттық университеттер жанынан құру арқылы бастау ел үшін де, мемлекет үшін де тиімді деп есептейміз.

Білім мен ғылымды жанама ұштастыру аясында ғылыми-зерттеу институттары іргелі жоғары оқу орындарының құрамына енуі көптен күткен әрі жаппай қолдау табатын мәселе. Мұндай жағдайда маман дайындаудың сапасы артып, ғылымға бөлінген қаржының тиімділігі өсе түседі.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті сәйкес салалар бойынша бұл қадамға дайын.

Сондай-ақ, өлемдік стандарттарға сай сапалы білімнің баршаға ортақ базасын жаңартуға және оған қажетті инфрақұрылым қалыптастыруға бағытталған инновациялық білім бағдарламаларын конкурстық тәртіпте қаржыландыру мәселесін шешу керек.

16.03.2007.



# “Қазақ елі – мәңгілік!”

6 наурыз күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінде Қазақстан Республикасы Президентінің биылғы жылғы “Жаңа өлемдегі жаңа Қазақстан” атты Қазақстан халқына Жолдауын талқылауға арналған дөңгелек үстел өтті. “Дөңгелек үстел” аясында Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауында көрініс тапқан “Қазақстан-2030” даму стратегиясын жүзеге асырудың жаңа кезеңіндегі қазақстандық қоғамды реформалаудың өзекті мәселелері талқыланды. Онда саясаттану, өлеуметтану, психология, философия және дінтану салаларының мамандары, сонымен қатар студенттер Қазақстанның экономикалық және өлеуметтік дамуының негізгі бағыттарына, азаматтардың өлауқатының жақсаруына, жаңа кезеңге сәйкес, саяси жүйенің модернизациялануына өздерінің ғылыми және сараптамалық бағаларын берді.

“Қазақ елі – мәңгілік” атты дөңгелек үстелге қатысқан ғалымдар мен оқытушылар, студенттер қауымы Жолдауы туралы өз ойларын бүкпесіз ортаға салып, пікір алмасып отырды. Философия және саясаттану факультетінің деканы, профессор Ғарифолла Есім: “Президент Жолдауы – біздің өміріміз, бізге арналған. Елбасымыздың жыл сайынғы Жолдауларынан бір байқағанымыз – өлеуметтік блогы мықты нақтыланып келеді. Зейнеткерлерге, мүмкіншілігі шектеулі азаматтарға жағдай жасап, құрметтей алмаған мемлекетті өркениетті деуге келмейді. Ал Президент Жолдауында бұл мәселеге айқын басымдық берілген. Тағы бір қуантарлығы – демографиялық мәселелерге басты назар аударылған. Бұл болашаққа, ертеңгі күнге деген сенімділік. Алдымызда бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына ену стратегиясы тұр. Бізді оған жеткізетін – сапа. Елбасымыз өз Жолдауында жоғарғы білім беру сапасын арттыру, атына заты сай келмейтін оқу орындарын қысқарту туралы өте дұрыс мәселе көтерді. Бұл бүгінгі күн талабы”, - деді. Дөңгелек үстелге қатысушылар ғалымның бұл пікірін қолдап, әркім осы төңіректегі ойларын ортаға салды.

Философия ғылымдарының докторы, профессор Байделдинов Лайық Әмірұлы Жолдауға жан-жақты талдау жасай келе өз ойын: “Президент Жолдауы – елдімізді өлемге танытатын саяси құжат. Президент бұл құжат

арқылы біздің дамыған мемлекет екенімізді, бізге сенуге болатындығын көрсетіп отыр. Мұнда еліміздің кең ауқымды мәселелері қамтылған”, - деп түйіндеді. Одан кейін сөз алған философия ғылымдарының докторы, профессор Жақыпбек Алтаев: Жоғарғы оқу орнының профессоры ретінде Елбасымыздың білім беруді өлемдік стандарттарға сәйкестендіру туралы айтқан ойлары көңілімізнен толықтай шықты. Шындығында, он бес миллион халқы бар Қазақстанда саны бар, сапасы жоқ кейбір жоғарғы оқу орындарының көбейіп кеткені бәрімізге аян. Біздің пікірімізше, осы жағдайды онтайлы қолданысқа алып, икемдендіре отырып жоғары сапаға көтеру керек. Осы ретте Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қол жеткізген “Қызметкер көрсететін үздік кәсіпорын номинациясы бойынша” Қазақстан Республикасы Президентінің “Сапа саласындағы жетістіктері үшін” сыйлығының лауреаты атануы Қазақстандағы әрбір жоғарғы оқу орны үшін жай ғана меже болып қалмай, кәдімгі талап болуы керек. Жоғарғы білім беру мақсаттарының санатына білікті маман ғана емес, саналы, ойлы, ұлтын, халқын сүйетін патриот ер-азамат дайындау да енеді”, - деді. Өлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Садырова Мәнсия Сапарғалиқызы Елбасының әр жылдағы Жолдауы жастардың бойында ертеңгі күнге деген сенімділікті нығайтып келе жатқандығын

айтты. Сонымен қатар, Жолдаудағы айтылған кедейлік деген категорияға өз анықтамасын беріп, оның өлеуметтік құбылыс екендігін жеткізді. Материалдық кедейлікпен қатар, рухани азғындаған кедейліктің де қауіпті екендігін білдіріп, президент Жолдауында айтылған үш тілдің қажеттілігі туралы ойын толық қолдайтындығын, бұл еліміздің дамуы үшін өте қажетті шарттардың бірі екендігін айтты.

Бұдан кейін сөз алған өлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Кеңес Биенев, саяси ғылымдар докторы, профессор Ләйла Иватова да Елбасы Жолдауындағы көтерілген мәселелердің өте өзекті, қойылған міндеттердің орынды екендігі турасындағы өз ойларын ортаға салды.

Дөңгелек үстелге қатысқан студенттердің арасынан өз еріктерімен сөз алған осы факультеттің 2-курс студенті Шолпан Жандосова мен магистрант Нұрбол Серікбеков Президенттің жыл сайынғы Жолдауларының арқасында оқимын деген жастарға барлық мүмкіндіктердің жасалғандығын, бұл өз кезегінде жастарға зор жауапкершілік, үлкен міндеттер жүктейтіндігін жеткізді.

Дөңгелек үстел жұмысын қорытындылаған философия және саясаттану факультетінің деканы, профессор Ғарифолла Есім: “Президент Жолдауы бір күн ғана талқыланып қоя салатын мәселе емес. Оны күнделікті өмірімізде, оқыған лекциямызда басшылыққа алып отыруымыз керек. Мен саясаттану мамандығын алу үшін оқып жатқан студенттерге бұл мәселені жете білетіндіктен философия, психологияға маманданып жатқан студенттермен пікір алмасуды, солармен бірігіп талқылауды ұсынар едім”, - деді.

Дөңгелек үстелге қатысушылар, сонымен қатар қазіргі заманғы кәсіби білім беру, өлемнің кез-келген елінде сұранысқа ие “тиімді экономика” мамандарын дайындауда жаңа технологияларды қолдану мен инновацияларды қолдау мәселелерін талқылады.

Ғалия АҚСЕЙІТ



Юбилей

# ЧЕЛОВЕК СВОЕЙ ЭПОХИ

В марте сего года исполняется 60 лет Рахметкажи Искендерович Берсимбаеву, члену Национальной Академии наук, видному организатору науки и образования, основоположнику казахстанской молекулярной и биохимической генетики, первому гумбольдтовскому стипендиату, одному из инициаторов образования международного образца в области государственного управления суверенного Казахстана.



Многие годы Р.И. Берсимбаев блестяще возглавлял биологический факультет КазНУ им. аль-Фараби и продолжает готовить генетические кадры высшей квалификации, являясь профессором кафедры генетики и молекулярной биологии, в рамках программы PhD. Академик Р.И. Берсимбаев является Первым Вице-Ректором Академии государственного управления при Президенте РК. Он - организатор 3 научно-исследовательских институтов, автор многих книг и учебников.

Р. И. Берсимбаев родился в с. Джазатор Алтайского края 8 марта 1947 г. В 1969 г. закончил Новосибирский университет, учился в аспирантуре ИГиГ Сибирского Отделения Академии наук СССР и в 1974 г. защитил кандидатскую диссертацию.

С 1975 г. Р.И. Берсимбаев - преподаватель кафедры дарвинизма и генетики КазГУ им. С.М. Кирова. Молодой педагог увлек энтузиастов молекулярно-генетическими и биохимическими теориями и опытами. В 1977 г.

Р.И. Берсимбаев возглавил кафедру. Он ввел в круг объектов исследования клетки млекопитающих и классическую модель генетики XX века - дрожофилу.

Как стипендиат Британского Совета и Фонда им. Александра фон Гумбольдта Р.И. Берсимбаев прошел стажировку в Национальном институте медицинских исследований в Лондоне (1983г.) и в Европейской молекулярно-биологической лаборатории в Гейдельберге (1987 г). Он неоднократно выступал с лекциями в качестве профессора в Ганновском Медицинском Исследовательском Центре, ФРГ и Астонском Университете (Бирмингем, Великобритания).

Р.И. Берсимбаевым выполнен большой объем научно-исследовательских работ в области молекулярной и биохимической генетики, онкогенетики, радиационной генетики. Результаты его работ легли в основу трехтомника "Principles of Biochemistry" (McGraw-Hill Book Press, New York, 1984 г.), "Cellular Mecha-

nisms in The Regulation of Gastric Secretory Cells" и ряда других отечественных и зарубежных учебников и монографий.

Подготовка кадров высшей квалификации осуществляется в докторском Диссертационном совете по биохимии, генетике, клеточной биологии, который организован академиком Р.И. Берсимбаевым в 1991г. и достиг высокого уровня.

Мы сердечно поздравляем академика Р.И. Берсимбаева с рубежной датой, желаем крепкого здоровья и успешной деятельности. От числа тех, кто способен так же талантливо предвидеть и действовать в направлении динамичного и последовательного развития Казахстана, его международной интеграции, зависит судьба новых поколений одаренных ученых, менеджеров-управленцев, преподавателей и студентов. Именно поэтому юбилей академика Р.И. Берсимбаева имеет сегодня особенно широкий резонанс.

**Коллектив кафедры генетики и молекулярной биологии**

Награда

## Казахстанские и британские ученые награждены престижной премией НАТО

Награда НАТО за научное сотрудничество за 2007 год была присуждена ученым из Казахстана и Великобритании за успешное сотрудничество в рамках реализации проекта НАТО "Партнерство во имя мира".

В церемонии награждения проходившей 22 марта с.г. в Брюсселе, в штаб-квартире НАТО профессор Мухамбеткали Буркитбаев, заведующий кафедрой неорганической химии Казахского Национального Университета им. аль-Фараби и профессор Николас Приест из Великобритании получили награду 2007 года за совместный проект по исследованию радиоактивного загрязнения на Семипалатинском ядерном полигоне.

Награду вручал заместитель Генерального Секретаря НАТО, Посол Минута Риццо который отметил ценность данного проекта в качестве примера успешного научного сотрудничества ради которого и была учреждена данная награда.

Современная и оснащенная радиологическая лаборатория созданная в рамках реализации данного проекта в Казахском Национальном

Университете им. аль-Фараби предоставляет Казахстану столь необходимую ему возможность анализа радиационных рисков. Данный проект также служил цели подготовки молодых ученых.

Профессор Буркитбаев и профессор Приест успешно проводили совместные исследования, однако они не были одни, каждый из них возглавлял группу ученых, которые выполняли совместную исследовательскую работу.

Реализация данного проекта позволила ученым из обеих стран повысить эффективность своей работы и создать устойчивую систему международного сотрудничества.

Награда состоит из хрустального приза, официального сертификата и гранта в 10 000 евро каждому из победителей для проведения дальнейших исследований.

**Ш. УСКЕМБАЕВА**

Дайджест

В конце февраля в университете прошло несколько важных событий, которые не могли пройти незамеченными казахстанской прессой. Во-первых, это активно проходившая в университете Неделя Жамбыла Жабаева,

Послания главы государства. Конечно же, мнения ученых и студентов нашего университета возглавляют рейтинги в СМИ. "Егемен Қазақстан" опубликовала статью ректора КазНУ, доктора физико-математических

маханова состоялась презентация учебника нового поколения "Археология Казахстана" ("Қазақ университеті" – Алматы, 2007). Об этом сообщили электронные СМИ – "Казинформ" и "Казахское радио" (16 мар-



# СМИ: в КазНУ всегда хорошая погода

посвященная дню рождения великого казахского акына – "Гомера XX века". Об этом написали газеты "Айкын" ("Жамбыл Жабаев апталығы өтті", 27 февраля 2007 г.) и "Қазақ әдебиеті" (2 марта 2007 г.). К этому же событию телеканал "Хабар" по заявке пресс-службы университета показал документальный фильм "Жамбыл: адамзаттың ұлы жыршысы" ("Хабар", 27 февраля 2007 г.). Во-вторых, это "круглый стол", организованный студенческими общественными организациями университета, – "Мемлекеттік тіл – бәсекеге қабілеттілік стратегиясының өзегі", которому особое внимание уделили "Казахское радио", агентство "Казинформ" и телеканалы "31 канал", "Астана", (26 февраля 2007 г.).

Весеннее обновление уже который год начинается для казахстанцев с Послания Президента Н.А. Назарбаева к народу Казахстана. Поэтому главной темой в казахстанском обществе стало обсуждение ежегодного

наук, профессора Т.А. Кожамкулова – "Тамырына дейін тарқатылған" ("ЕК", 16 марта 2007 г.). Агентство "Казинформ" разместило на своем сайте интервью декана факультета философии и политологии, профессора Г. Есима (www.inform.kz, 01.03.2007, 11:19). Отклик магистрантки университета Жулдыз Сулейменовой на Послание Президента опубликовала газета "Егемен Қазақстан" – "Мақсат анық, жол даңғыл" ("ЕК", 3 марта 2007 г.). "Казахское радио" сообщило в новостном блоке о "круглом столе", на котором ученые университета обсуждали Послание Президента "Новый Казахстан в новом мире" (6 марта 2007 г.). Национальный канал "Казахстан" и КазНУ им. Аль-Фараби продолжили свой совместный проект и эта тема стала главной в телевизионной программе "Президентская аудитория", съемки которой проходили в зале Ученого совета университета ("Хабар", 16 марта, 11:30).

16 марта в аудитории имени Е. Бек-

та 2007 г.). Для новостей телеканала "КТК" (16 марта 2007 г.) интервью дал один из авторов учебника – декан исторического факультета Ж.К. Таймагамбетов.

20 марта в рамках мероприятий, направленных на разъяснение и пропаганду Послания главы государства в университете прошла встреча сенатора Куаныша Султанова с преподавательским коллективом и студентами КазНУ. Встреча прошла в формате беседы, она освещалась по информационным каналам "Казахстан", "Хабар", "Казинформ" и на "Казахском радио", (20 марта 2007 г.).

Телевизионный канал "Хабар", народная демократическая партия "Нур Отан" и КазНУ осуществили совместный медиапроект, в рамках которого очередная передача "Азамаг" прошла с участием студентов нашего университета, которые очень активно дебатировали на тему конкурентоспособности и повышения роли государственного языка – "Мемле-

кеттік тілді бәсекеге қабілетті ету жолдары қандай?" ("Хабар", 21 марта и "Еларна" 27 марта 2007 г.). Деятельности партии "Нур Отан" было посвящено и интервью магистрантки университета, заместителя председателя молодежного крыла республиканской демократической партии Жулдыз Сулейменовой в газете "Дала мен қала" (16 марта 2007 г.).

"У нас в общежитии самые лучшие условия!" – с гордостью заявляют студенты общежития №5 факультета журналистики КазНУ в сюжете о студенческой жизни, который был показан в утренней программе "Көңілшар" на канале "Казахстан" (30 марта, 07:15). Этот сюжет можно назвать среди лучших в рейтинге позитивных имиджевых материалов о КазНУ.

На кафедре "Безопасности жизнедеятельности" городской диспансер по борьбе с туберкулезом провел "открытый урок" для студентов по профилактике этого заболевания среди молодежи. Об этом пишет газета "Алматы ақшамы" (27 марта 2007 г.).

Февраль-март оказался очень урожайным для СМИ на интервью и ста-

тью известных ученых нашего университета.

Журнал "Султан" в рубрике "Карьера" опубликовал интервью с проректором КазНУ, профессором Н.О. Омашевым – "Қазақ болып туганыма қуанамын" (жс. "Султан", №2, 2007 г.).

Два интервью проректора КазНУ, профессора Ж.Д. Дадебаева о современном состоянии казахстанского высшего образования опубликованы в газетах "Айкын" ("Оқытушы болу да талант", 17 марта 2007 г.) и "Дала мен Қала" ("Жоғары білім беру рыногында жекеменшік сектор үн-түңсіз түйяк серіппей қала беруге шыдай алмайды", 17 марта 2007 г.).

"Төкен және Тәттімбет" – так называется статья доктора филологических наук, профессора К.Абдезулы, вышедшая в газете "Астана хабары", 13 марта 2007 г. В газете "Заң" вышла в свет статья доктора юридических наук, профессора А. Агыбаева – "15 жылдың ішінде қазақша заң жобасы екі-ақрет дайындалды" ("Заң газеті", 28 февраля 2007 г.).

**Обзор подготовлен пресс-службой КазНУ**



# Бәсекеге қабілетті тіл – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Сөзін ағылшын, француз тілдерінде амандасудан бастаған университетіміздің экономика факультеті 2-курс студенті Мейрамгүл Мәделі: “Мен сіздермен бәсекеге аса қабілетті тілдермен сәлемдестім. Бірақ мен айтқан бұл бір ауыз сөз менің бұл тілдерді еркін меңгергенімнің дәлелі емес. Ондай болса, ең өкініштісі қазақ тілінің сәлемдесу деңгейінен аса алмай тұрғандығында”, - деді. Иә, мемлекетіміз тәуелсіздігін алғанына 16 жылдан асса да мемлекеттік тіліміз басқару және іскер тіліне айналып, атқарушы, заң шығарушы, сот билігінің, инновация мен ғылымның, экономика мен бизнестің тілі ретінде кең қолданыс таба алмай отырғандығы ашық да болса шындық. Ал бұл кешегі күні талай ғалым тандай қаққан қазақ тілінің бүгінде бәсекеге қабілетсіздігін көрсетсе керек. Ой қазығын осыған нық бекіткен Мейрамгүл “қажеттілік тудырып, ынталандырып, мәжбүрлеу арқылы кешенді механизм жолымен ғана ана тілімізді бәсекеге қабілетті ете аламыз” деді. Оны экономикалық тілмен “Тіл кластері” деп атап, кезеңдерге де бөліп берді. Алдымен қазақ тілділердің құқығын қорғауды қолға алды. Ол үшін ҚР Конституциясының 7-бабы 2-тармағына, барлық заңдардың мемлекеттік тілге қатысты бапта-



Қазақ тілінің тұғыры берік, туының биік болуын қамтамасыз ету – мемлекеттік іс. Сондықтан да, мемлекеттік тілдің бәсекеге қабілетті іскер және ұлтаралық қатынас тіліне айналуы мемлекетіміз үшін басты стратегиялық міндетке айналып отыр. Ал аталған мақсатқа жету үшін қызмет ету Қазақстанның әр азаматының парызы болса керек. Осындайда, әсіресе жастардың көкейіндегі ұсыныс-пікірлері, жол көрсетер жобалары болса, қанекей! Сондықтан болар, Студенттер сарайында болған Қазақстан тәуелсіздігінің 15 жылдығына, Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне, биылғы “Қазақ тілі жылына” арнап “Азамат” жастар бағдарламасы, “Нұр Отан” халықтық-демократиялық партиясы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бірлесіп отырып, наурыз айы бойы өткізген “Мемлекеттік тіл және жастар” атты телевизиялық-инновациялық пікір-сайыс ойынының «Мемлекеттік тілді бәсекеге қабілетті етудің жолдары қандай?» тақырыбындағы ақтық сыны көрерменнің көкейінен шықты. Себебі, ана тіліміз өзге тілдермен терезесі тең болса деп мінбеге шыққан қаршадай қос қыз дүйім жұрттың алдында ұлтшылдығымен ғана емес, ұсыныстарының ұтымдылығымен де көпшілікті баурап алды.



рына Конституцияға сай өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігін көрсетті. “Мемлекеттік тіл туралы” Заң қабылдауды ұсынды. Мәжіліс депутаттығына сайланған кандидаттарға, үкімет басшыларына, үкіметтің мүшелеріне және барлық мемлекеттік қызметкерлерге қызметке алу барысында міндетті түрде мемлекеттік тілді білуді талап етті. Құқықтық-заңдық тұрғыдан реттеп алғаннан кейін келесі баспалдақ–институцияландыруға көтеріліп, іскер тілге айналдыруды ойластырды. “Ол үшін Мемлекеттік тіл жөніндегі комитетті Тіл агенттігі деңгейіне көтеруіміз керек” деді. Қазақ тілін модернизациялау арқылы дамыту үшін мемлекеттік тілді оқыту орталықтарын құруды мақсат етті. Сонымен қатар, мемлекеттік тілді дамытудың инновациялық-технологиялық орталығын ашатынын айтты. Ал осының бәрін қадағалау үшін Латвия мен Эстония мемлекеттеріндегідей Тіл инспекциясын құрды. Мұнымен де шектелмеді. Елігін сыбанш мемлекеттік тілді экономика және бизнес тіліне айналдыруға көшті. Ол үшін мемлекеттік секторда Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігі, Қаржы министрлігі, Салық комитеті, Ұлттық Банкті мемлекеттік тілге көшіру керектігін, ал бұл өз кезегінде жеке секторға заңдық-нормативтік құқықтар актілері, экономикалық шаралар арқылы жанама әсер ететінін дәлелдеді. Сөз кезегі университетіміздің заң факультетінің 2-курс студенті, пікірсайыс клубының жетекшісі Айсәуле Әбділдәға да келіп жетті. “Тіл – діңгегіміз, тіл – жүрегіміз, тіл – тірегіміз!” - деп бастады сөзін Айсәуле.

“Біздегі тіл мәселесі мемлекеттік тілдің білім тілі болмауынан” деген ол, ұсыныстарын осы ой төңірегінде топтастырды. Ойын “Ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің аса маңызды факторы әлемдік бәсекелестік үдерісінде табысқа жетуге мүмкіндік беретін күшті рух пен білім” деген Елбасы сөздерімен бекітті. Осыдан келіп Айсәуле күшті рухты қалыптастырудың ең негізгі факторы мемлекеттік тілді бәсекеге қабілетті етуде үлкен маңызға ие білім, ғылым, ақпарат, мәдениет салаларын қазақыландыру керектігін қадап айтты. Бұл үшін “Мемлекеттік тіл туралы” Заң қабылдай отырып, “Мемлекеттік тілді дамыту мен қолданудың 2001-2010” бағдарламасына өзгерістер енгізу қажеттігін атап өтті. Екінші бөлім, сұрақ-жауап бөлімінде қос пікірсайысшы арасында екі жерде қақтығыс туындады. Айсәуленің мақсаты қазақ тілінде білім алып, заң саласында қызмет ету екенін білдік. Бірақ Мейрамгүл, болашақта мемлекеттік секторда немесе жеке секторда дәл бүгінгідей мемлекеттік тілге сұраныс болмаса, Айсәуленің арманы орындалмайтынын айтып қынжылды. Айсәуле бойға сіңген бүгінгі кеңестік сананың қалыптасу себебін кешегі күні төменнен бастап жүргізілген идеологиядан іздеді. Ал Мейрамгүл сол сананы қалыптастырып, орысшыл саясатты жүргізген кім деген заңды сауал қойды. Үшінші, ақтық айналым, сөзжарыста қос пікірсайысшы хас тұлпарлардай үзеңгі қағысты. Сол айтыстан ақиқат туды. Ақиқат: Қазақ тілі бәсекеге қабілетті болу үшін басқару және іскер тілге айналу

керек. Ал ақиқат қашан да жеңіске жететіні хақ. Сондықтан да бас жүлдені Мейрамгүл алды. Төрт ананың бірі үшін болған күрес – күрестердің ұлысы. Ендеше, қос пікір-сайысшы сыйқұрметтен де кенде қалмады. Бас жүлде үшін соңғы үлгідегі ноутбук пен “Нұр Отан” халықтық-демократиялық партиясы дайындаған Марат Оспанов атындағы стипендия тағайындалды. Ана тілі үшін шаршы топтың алдында тайсалмай сөз бастаған, дүйім жұртты аузына қаратқан Айсәулеге де соңғы үлгідегі компьютер мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының стипендиясы салтанатты түрде табыс етілді. Ал ана тілі мәселесіне қанатымен су сепкен қос қарлығаштай үлес қосқан ҚазҰУ-дың студенттеріне сарапшы болған белгілі тұлғалар “үздік” деген баға берді. Намазалы ОМАШЕВ, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің проректоры: “Білім беру” Заңына мектепті қай тілде бітірмесін, Қазақстанда тұратын барлық жас ұлттық тестілеуде міндетті түрде қазақ тілінен тест тапсыру керек деген ұсыныс енгізген едік. Бір қуантарлығы, Білім және ғылым министрі Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев бұл ұсыныстың 2008 жылдан бастап іске асатынын хабарлады. Менің ойымша, бұл нақты іс. Біздің университетте ғана Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор деген қызмет және Тілді дамыту деген арнайы бөлім бар. Бұл университет деңгейіндегі мемлекеттік тілді дамытуға байланысты жүргізіліп жатқан шаралар. Бүгінде мемлекеттік тілде кез келген іс-қағаздарын толтыруға негізделген бағдарлама жасап қойдық.

Мемлекеттік тілдің аясын кеңейтеміз деген азаматқа ешқандай кедергі жоқ. Мұхтар ШАХАНОВ, мәжіліс депутаты: “Бүгінгі таңда қазақ халқы үшін ең басты мәселе – тіл. Өркениеті дамыған 50 мемлекеттің ішіне кіру туралы шешімді қолдаймыз, қуаттаймыз. Бірақ, біз ұлт ретінде жойылсақ, өз тілімізді сақтай алмасак, онда елуінші емес, бірінші мемлекет болсақ та құнымыз көк тиянға құлдырайды. Менің қуанатыным, мына екі қыз кеудесіне микрофон тығып қойғандай керемет шешен екен! Екеуін де ұлттық мүддемен ауыратын жас буынның алдыңғы сабында тұрған жастар деп білемін. Сондықтан, екеуін де “Мемлекеттік тіл” қоғамдық қозғалысына мүшелікке аламын. Бекболат ТІЛЕУХАН, мәжіліс депутаты: “Аса қадірлі қауым! Бүгінгі мемлекеттегі жағдай екі ақылды қарындасымның аузынан әдемі сөз болып өріліп отыр. Екеуінің мәселенің екі жағынан келіп отырсыздар, біреуің артық, біреуің кем демеймін. Қай жағынан келсе де екеуінің айтқаны орынды. Қазақстан федеративтік емес, унитарлы мемлекет. Осы мемлекеттің жон омыртқасы – қазақ. Ендеше, қазақ деген ұлттың тарихының, тілінің, мәдениетінің, шежіресінің Қазақстан Республикасынан басқа барар жері, басар тауы жоқ. Сондықтан біздікі біреуге теперіш көрсету, біреудің құқығын таптау емес. Махамбет айтқандай, ақырып теңдік сұраған жайымыз бар. Осыны өзге ұлт өкілдері түсінсе керекті.

Бакыгнүр ОТАРБАЕВА, Ұлттық пікір-сайыс орталығының төрайымы: “Айсәуле Қазақстан халқының 30 пайызы жастар деп айтып кетті. Осы жастар мен мемлекеттік тіл мәселесін біріктірсек, жастарға не жақын? Біріншіден, ойын-сауық, думан индустриясы, екіншіден, БАҚ. Сондықтан осы екі сала қазақыландыру керек. Және “Азамат” бағдарламасы сияқты жастардың санасын оятатын интеллектуалды бағдарламалар көп болса, тіл мәселесін шешуге өз үлесін қосар еді. Мұрат ҚАЛМАТАЕВ, “Нұр Отан” халықтық-демократиялық партиясы саяси кеңесінің мүшесі: “Менің үш қызым бар, үйге барған соң бәрін жиып алып, өңгімелесем деп отырмын. Шіркін, олар да Мейрамгүл мен Айсәуледей болса ғой! Қазақ “Қызыл шоқтай қарыған, Қазаққа тіл дарыған. Бір сөзге ол семіріп,

бір сөзге ол арыған” дейді. Тіліміздің мүшкіл жағдайын көріп арып, жүдеп жүр едік. Бүгін осындай тілдің қасиетін білетін балаларымыз бар екен-ау деп, екі қызымыздың жан-айқайын естігенде, әдеби тілмен айтсақ, семіріп қалдым. Жапа айтты. Мұртаза БҮЛҒАЙ, дінтанушы: “Өр халықтың туған тілі – оның кескіні, ең басты байлығы. Ал біз сол ең басты байлығымызды жоғалтып бара жатқан түріміз бар. Қазір әлемдегі бес мың тілдің жыл сайын он-он бесі жойылады. Қазақстанда тоғыз миллион қазақ бармыз. Мен келгенде 42 пайыз еді. Қазақтар 50 пайыздан асса болды, қазақ тілі орнай қалады деп ойлағанмын. Ол да дұрыс емес екен. Біз жастардың бойында ана тіліне деген махаббаты оятуымыз керек. Мейрамгүл мен Айсәуледен сол туған тіліне деген жанашырлықты, туған тіліне деген махаббаты көріп риза болып отырмын. Сіздерге көп рахмет! Алла разы болсын, айналайындар! Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВА, “Нұр Отан” ХДП Жастар қанаты төрағасының орынбасары: “Құрметті ағалар, қадірлі достар! Тіл деп тебіренген қазақ жастарының қызықты пікір-сайысына куә болып отырмыз. Тілін, мәдениетін, тарихын құрметтейтін елдің рухы қашанда биік. “Рухы биік елдің парасаты жоғары, жастары жігерлі келеді”, - дейді Елбасымыз. Сондықтан да, жаңа әлемде жаңа Қазақстандағы жас буынының рухы биік болуы керек. Сол кезде біздің мемлекеттік тіліміз бәсекеге қабілетті болады. Іске сәт! Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ



■ Мәселе

# ДІНІНЕ ҚАЛҚАН ІЛІМІН, РУХСЫЗ ҰЛТТЫҢ КҮНІ МҮН

□ Кафедра

## 21 НАУРЫЗ — ҒАШЫҚТАР КҮНІ

Көктем — гүл, әдемі қыз бейнесімен көз алдымызға елестейді. Қыс ызғары кетіп, жылы-жылы самал лебімен бірге жаңару, жақсы көңіл күй, тіпті жаныңды үлкен бір сезім билеп тұрады.

Ендеше халқымыздың жаңа жыл — Наурызды көктемде тойлауы бекерден бекер емес. Өйткені, бұл мереке — көктем мерекесі, жаңару, жаңаша ойлау мерекесі. Әдетте, бұл мейрамда бойжеткен, келіншектер жаңа көйлектерін киіп, әдемі орамал жамылады. Қыздарымыз гүлдей құлпырып, жайнап, жадырап кетеді. Оларға қарап көкте күн күлімдеп, айнала көктемнің вальсіне билегендей. Дала әдемі сезімге ораныды. Қыз жағы құлпырып, қатар өскен құрбыларына наз айтады. Ер балалар да сүйгендеріне бағалы сыйлықтар алып, жігіттік дәуреннің қызығына тоймайды. Демек, наурыз махаббат айы, қыз ұзатылып, келін түсетін кез. Мәселен, бұрынғы салт бойынша ата-бабаларымыз 22-не қараған түні ауыл жастары болып, бір үйге жиналып танды күткен. Қыздарымыз жігіттерге “Ұйқы-ашар” тағамын даярлап, жігіттер “селтеткізер”: алқа, орамал, білезік, иіссү сыйлаған. Сол кездің дәлеліндей болып кешегіден төмендегі өлең шумақтары қалған:

*Сізді көріп, сермейді  
жыр құлашын,  
кеудемде бір қомданып  
тұрды лашын.  
Наурызда жөн сұрау айып емес,  
Амансың ба, атың  
кім құрбыласым.*

*Жыр дегенің әнің бе,  
жсер теңкізген,  
жөн сұрайтын бар ма еді,  
еркек бізден.  
Жас кезінде атам ат сұрмай-ақ,  
Сыйлық беріп, өжемді  
селт еткізген*

*Не десеңдер теңсіңдер, еріктерің,  
Сый жинауға алға келіп не едің?  
Өйтетіндей ес кіріп ерте тұрып...  
Өзің маған “Ұйқыашар”  
беріп не едің?*

Ал бүгінгі жастарымыз неге Наурыз мерекесі қарсаңында бір-біріне сезімін білдіріп, ғашықтар күнімен құттықтамайды? Жаңа жылдың алғашқы таңын неге бірге қарсы алмайды?

Салт-дәстүріміздің мұндай әдемі, қызық тұстарын, өзімізге пайдалысын, жастар, біздер білуіміз қажет.

Осы жерде өткенімізді жаңғыртып, 21 наурызды төл ұлттық Махаббат күніне айналдыратын да өзіміз.

Әлдебір ұлттың Әулие Валентин күнін дәріптеп, онсыз да батыстанып бара жатқан сананы улағанша, қазақы, төрт қырынан да тәрбиелік мөні зор дәстүрді жаңғыртуға сен, мен болып ат салысайық, құрбым.

Ал бұл ұсыныс барлық бұқаралық ақпарат құралдарына, өсіресе, жастарға жақын НТТ TV ұлттық музыкалық телеарнасының құлағына алтын сырға дегім келеді...  
**Әлия  
КЕМЕЛБЕКОВА**

**РЕДАКЦИЯДАН:**  
Сізді қандай мәселе толғандырады, азамат. Бөліскіңіз келсе, “Кафедра” мінбері сіздікі.  
**ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.**

*Әр халықтың ұлттық кескін-келбеті оның тілінен, ділінен және дінінен көрінеді. Әрбір қазақтың бойында ана сүтімен сіңген тілі — қазақ тілі, қанмен берілген, ата-бабасы ұстанған діні — ислам болса ғана, ол нағыз қазақ болады. Өз ойын ана тілінде жеткізетін, салт-дәстүрін қадірлейтін, тек Алла Таағалаға сенетін ұрпақтан ұлт болашағын ойлайтын ұлтшыл азамат шықпақ. Бұндай ұрпаққа ұлт болашағын сеніп тапсыруға болады. Алайда, бүгінгі күнде жастарымыздың тең жартысы шет тілінде шүлдірлесе, егер 800 000 қаракөз қандастарымыз өзге діннен “шынайы шындықты” іздеп кетсе тәуелсіздігіміздің тізгінін кім ұстамақ?!*

Жастарымыздың санасын улап, өз ақиқаттарын бойларына сіңіріп жүрген миссионерлер үшін қазақтың сайын даласы “құтты қонысқа” айналғалы қашан. 1992 жылы қабылданған “Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктері туралы” заң қабылданғаннан соң, қазақ даласында әр түрлі дінтартушылар қаптап кеткені белгілі. 350-ден астам секта мен діни ағым өз жұмыстарын “жемісті” жүгізуінен қазақ халқының 11% басқа діннің торына шырмалып қалған. Осындай жан түршігерлік сандар қалай пайда болды? Неге мұсылмандығы мыңжылдық қойнауында жатқан қайсар рухты қазақтың ұрпағы басқа діннің арбауына түсіп қалды? Ең басты себепті діни сауатсыздығымыздан іздеген жөн секілді. Егер өз дінінің нағыз хақ дін екеніне, ақиқатқа апаратын жалғыз жол екендігіне сенген адам ғана ешқашан өзге дінді



кабылдамайды. Бүгінде қаракөз қандастарымыздың біразы христиан, протестант, католик, буддист, кришнайт, иудист. Қазақстанның аумағындағы 1750 мешіттің қызметі саңырауға айқайлағандай далаға кетіп жатыр. Қала көшелеріндегі өзге діннің уағыздаушыларын көре отырып, исламды насихаттап жүрген ешкімді көрмей қынжыласың. Адамдар арбалған қазағын хақ жолына тарту үшін, екі ойлы боп жүрген босбелбеулердің белін бекіте түсу үшін дін жолын түсіндіретін 2-3 айлық курстар, семинар-тренингтер өткізіліп тұрса. Жалғыз Жаратушы Ие — Алла Таағала екендігін, ақиқатқа апаратын нұрлы, шапағаты шалқыған жалғыз жол — ислам діні екендігін санасы уланған ақиқат іздеушілерге түсіндірсе керек еді ғой. “Тоқпақ мықты болса, киіз қазық жерге кіреді” емес пе? Қасиетті Құран Кәрімнің Бақара сүресі, 21-24 аяттарында: “Ей адамзат! Егер тақуа болғыларың келсе сендерді де, сендерден бұрынғыларды да жаратқан

Аллаға құлшылық етіңдер! (21) ол сендерге төсек етіп жерді, күмбез етіп көкті жаратты. Жаңбыр жаудырып аспаннан су түсірді. Сол сумен сендерге жетілдірілді. Ендеше құлшылық ететін Аллаға теңдес (басқа) ешнәрсе жоқ екендігіне шөк келтірменер. (22) Егер біздің пенделерімізге түсіргендерімізге (Мұхаммед ғ.с. түсірілген Құранға) күдіктерің болса, сенімдеріңнің шын екенін білейік, онда Алладан басқа куәларыңды сендер де шақырыңдар және осы төріздес бір сүрені түсіріп көріңдер (23) Ал мұны істемесеңдер, оны істей де алмайсыңдар, онда адамдар мен тастарды отын етіп жандырып, көпірлер үшін дайындап қойған тозақ отынан сақтаныңдар (24)!” делінген ақиқат сөзді насихаттай беру керек.

Азаматтардың басқа дінге кіруінің тағы бір себебі — көк қағаздың күдіреті. Өмірдің қиын-қыстау кезіне тап болған, күресуге күш-жігері жетпейтін адамдарды ақша беріп, алдап-арбап өз қармақтарына түсірген миссионерлер,

енді өздерінің қасиетті сенімдеріне қызмет істеуін қадағалап отырады. Қаптап жүрген иегова куәгерлері, месіхшілер, кришнайттар арасында қазақтың балғын бозбалалары мен қырмызы қыздарының көбеюі осының салдары. Өз сенімдерін уағыздағанда іші-бауырына кіріп кетердей боп, жылы шыраймен баурап алатын мұндай миссионерлер Құранды да оқыған, шеттерінен сауатты болып келеді. Қасиетті Құранның сүрелерін өз дінін уағыздаудың құралы ретінде пайдаланады. Өз дінін сатқан ұрпақ келешекте өз отанын да сатып кетпесіне кім кепіл?!

Сондықтан да, қазақ жастары ойланаық, саяқтан келген келеңсіздіктерге сабырмен қарап, абыз Абайдың “Алланың өзі де рас, сөзі де рас” деген дана сөздерін өмірлік қағида ретінде ұстансақ екен.

**Үміт  
БАКЕЛЕКОВА**

■ Алаштан қалған асыл сөз

**Мағжан ЖҰМАБАЕВ**

## “...ҚАЗАҚТЫҢ НАУРЫЗЫ — ДІН МЕЙРАМЫ ЕМЕС”

Әр халықтың өзінің жаңа жылы, жыл басы болады. Қай уақытта, қай халықта болса да осы жаңа жыл сол халықтың, сол уақыттың шаруа жағдайына қарай белгіленген. Европа жұрттарының бір жерінде жаңа жыл 1-январь, бір жерде 1-сентябрь, тағы осындайлар. Азияда жаңа жыл — жазғытұрым, қазақ елінде — марттың 22-сі...

Қазақ жаңа жылы дін өсерінен таза. Бұл күні ешбір құлшылық, дін әдеттері жасалмайды. Бар болғаны — ел бір-

бірімен көрісіп: - “Жасың құтты болсын!” - дейді.

Жаңа жыл күні қазақ күн райына қарай алдағы жазды рақатты, рақатсыз болады деп болжау жасайды...

Жаңа жыл күні қазақ едетінше әр үйде қазан-қазан көже пісіреді. Көженің ішіне қысқы соғымның тек басы салынады. Көжеге көп сүт күйілады. Басты, шекені қарттар мүжіп, құлақты балаларға кесіп беріп, басқа жұрттар көжені талап ішеді. “Ауыз ақтан айырылмасын, қызылды уақытымен көрсетсін, жаз құтты болсын!” деп бата жасап тарқасады.

Бұл көже ішу (сүт күйған) — келе жатқан жазбен ұшырасып, қарсы алып, ақ ішу ретінен аққа (сүтке) көшу. Көжеге тек бас салып асып жеу — қарлы қыспен, қыс тамағы етпен (қызыл) қоштасу.

Міне, қазақтың жаңа жылының барлық маңызы — шаруашылық маңыз.

Қазақ жаңа жылы — жазғытұрғы күн мен түннің теңелген түні (22 март) болады. Жаңа жылдың ертеңіне жарық, жылы күн қараңғы суық түннен ұзара бастайды. Бұл реттен қазақ жаңа жылы ғылым қойнына да барып кіріп қалады.

Қазақ жаңа жылын “Наурыз” дейді...

...қазақтың наурыз — дін мейрамы емес, тұрмыс мейрамы. Бұл мейрамды дұрыстап өткізу керек. Бұл мейрамды тұрмыспен, ғылыммен байланыстырып, қоғамға пайдалы игі іс жасайтын, ауыл адамдарын тап-жігімен ұйымдастыратын мейрам ету керек. Мектеп оқытушылары наурызды оқыту программасына айырым комплекс жасап ендіру керек...

Наурыз тарихын сарқа жазуды білімділерден күтіп біз осы қысқа өңгіменен тоқтаймыз. Ауылдың көзі, құлағы — мұғалімдерді, жас буын оқушыларды, ауыл кедейлерін жаңа жылмен құттықтап, жаңа жылында жаңа жұртшылығының өркендеуін, жаңа-жаңа, татымды жемістер беруін, шаруашылығының жаңа жолымен ... ілгерілеуін тілейміз.

**“Жаңа мектеп”  
журналы, 1926 жыл, №3,4**



■ Алау

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өтетін қоғамдық және мерекелік шараларға белсенді қатысатын, оқуда үздік, мемлекеттік тілге жетік Михайл студенттер қауымына жақсы таныс. Әсіресе, ұлты белорус бола тұра, қазақ тілін жоғары деңгейде меңгеруі оны өз тұрғыластары арасынан ерекшелеп, көпшілікке жақын ете түседі.

Жақында осы физика факультетінің 4-курс студенті Михайл Иосифұлы Денисеня Астанада Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кәрім Қажымқанұлы Мәсімовтың қатысуымен өткен “Мемлекеттік тіл – елдігіміздің алтын тұғыры” атты көрмеге және сол күні Есілдің сол жағалауындағы Министрліктер үйінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевтың мемлекеттік тілді меңгерген өзге ұлт өкілдерінің жастармен болған кездесуінде болып қайтқан еді. Біз Михайлдан сол кездесуден алған әсері, жалпы мемлекеттік тілге деген құрметі туралы сұраған едік.

## Қазақ салт-дәстүрлерінің бірлікке шақыратын қасиеті бар

- Михайл, мемлекеттік тілімізді дамыту үшін маңызы зор осы көрмеден, премьер және министрмен кездесулерден алған әсерің қандай? Жаңадан бой көтерген әсем Астанамыздың келбеті қандай ойларға жетелейді?

- Алған әсерім керемет. Осы көрмеде және кейінгі кездесу барысында Қазақстан Республикасының премьер-министрі Кәрім Мәсімовпен, Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаевпен, сенатор Қуаныш Сұлтанов, мәжіліс депутаттары Мұхтар Шаханов, Амангелді Айталы, Бекболат Тілеухан сияқты бұрын теледидардан ғана көріп жүрген ағаларымызбен бетпе-бет кездесіп, ой бөлістік. Маған кездесу барысындағы Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаевтың баяндамасы өте ұнады. Ол кісінің сөзінен тілге деген жанашырлығы білініп тұрды. Өз ойын әдемі, шебер жеткізгендігі отырғандардың барлығының көңілінен шықты деп ойлаймын.

Көрмеге келер болсақ, оған қатысқан әрбір жоғарғы оқу орны мемлекеттік тілді оқып-үйренуге арналған оқу кітаптары мен электронды құралдарын ұсынды. Солардың ішінде маған ұнағаны - электронды сөздіктер мен аудармашылар, интерактивті тақта болды.

Еліміздің Астанасын, ондағы сәнді ғимараттарды, мұражайды, “Бәйтеректі” аралап, жаңа болашақтың қаласының бой көтеріп келе жатқандығына куә болдық.

- Михайл, ойыңды қазақша еркін жеткізіп отырғаныңа қарағанда, мемлекеттік тілді меңгеруді ертерек бастаған сияқтысың...

- Мен Қызылорда облысында туып-өстім. Ондағы достарым, таныстарым, көршілерімнің барлығы да қазақтар. Ұлты қазақ болмаса да, әкешем де қазақ тіліне жетік. Кішкентайымнан қазақтардың арасында өскендіктен осы халықтың салт-дәстүрі, тілі, мәдениетімен сусындап өстім десем болады. Сондағы бір байқағаным – қазақтың кез келген ұлттық дәстүрі, ырымдары, жөн-жоралғылары адамдарды біріктіруге, бір-біріне мейірімді етуге бағытталған. Қазір жастарымыз



еліктеп жүрген батыс немесе басқа елдерден мұндай құндылықтарды табу қиын.

- Мемлекеттік тілді меңгеруге келгенде, түрлі сылтауларды алғарта беретін замандастарыңа нендей ақыл-кеңес берер едің?

- Жалпы, менің түсінігімде, әр адам қаншалықты көп тіл білсе, соншалықты рухани байлығын арттырады. Ол сол елдің тілін ғана меңгеріп қана қоймайды, оның мәдениетін, өнерін бойына сіңіреді, сол халықтың өдебиетін өзінің тілінде оқуға мүмкіндік алады. Осындай түрлі мәдениеттер жиынтығы арқылы адамның өзі де дамиды.

Ал, қазақ тілін білудің мәні бұдан да зор. Осы елде тіршілік етіп, өмір сүріп, болашағыңды осы ұлтпен байланыстырып отырғаннан кейін мемлекеттік тілді білу – міндет. Оның ешқандай қиыншылығы жоқ. Әр адам алдына нақты мақсат қоя білсе болғаны. Әлемде кең қолданылатын тілдерді меңгеруге келгенде алдына жан салмайтын қатарластарым, мемлекеттік тілге де көңіл бөліп,

жаппай үйренудің өздері үшін қажет екендігін тезірек түсінгендері жөн сияқты.

Шынын айтсам, менің достарымның көптігі, кіммен болса да тез тіл табысып, түсінісе кетуімнің бір сыры – осы қазақ тілін білетіндігімнен. Қазақ тілінде сөйлесіп, не жауап қатсам – қазақ тілді адамдар жылыұшырай қарап, риза болып жатады. Оған мен де марқайып қаламын.

- Физика факультетін таңдауыңа не себеп болды және маман ретінде болашағыңды қалай елестетесің?

- Физика факультетінде радиофизика және электроника мамандығы бойынша білім алудамын. Мектеп қабырғасында жүргенде физика пәні мені қызықтырғаннан соң осы пәннен республикалық олимпиадаға қатысқан болатынымын. Жаратылыстың жұмбақ

■ Руханият

## Жарқын болашаққа ЖАСТАРМЕН



“Еліміздің болашағы – өздерің, елдігіміздің баянды, тәуелсіздігіміздің тұғырлы, дамыған ел болуымыз ең әуелі – сендердің қолдарыңда”, - деп Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстан жастарын әрқашан қолдап, оларға үлкен нұрлы үмітпен сенім артады. Сондықтан да, әрбір қазақстандық жас буын ел келешегіне деген зор жауапкершілікті жастайынан сезінуі қажет. Тәуелсіз еліміздің болашағының жарқын болуына аянбай қызмет етіп, ел сенімін ақтар азамат болу – әрбір жастың міндеті. Соны абыроймен сезіне білетін, қазақ елінің болашағын нұрлы, келешегін кемел етер рухты жастардың саны қоғамдық өмірде артып келе жатқаны қуантады.

Келешек бүгіннен басталады. Келешегіміздің жарқын көрінісін жастардың бүгінгі таңдағы қоғамдық белсенділігінен-ақ аңғаруға болады. Ал бүгінгі жастар қоғамдық өмірде қандай? “Өрнеді жастардың қоғамдық жұмысқа қызығушылығы, мемлекеттің даму жүйесіне қосып жатқан олардың үлесі қандай, қоғамдық белсенділігі жоғары ма, әлде төмен бе?” деген заңды сауалдар көкейіме несерпете қойылып, небір ойлар сумаңдап, тіліме тиек болып, қолыма еріксіз қалам ұстатты.

Ел сенімін арқалағанын жете түсінген жастар қоғамдық жұмыстарға, қоғамдық ұйымдарға белсене араласып келеді. Соңғы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстан халқының 30 пайызын жастар құрайды екен. Соған орай, жастар ұйымдары да көбейіп келеді. Өрине, мұндай жастардың басын қосар салауатты орталықтар уақыт талабынан, өмір талабынан туындап отыр. Жастар болғандықтан жастар ұйымы да болу қажет. Сол ұйымдарды, өрине, жастар құрайды. Ал сол өрелі жастарды заман талабына сай туындап жатқан мәселелер әрқашан алаңдатса керек. Сондықтан да, ортақ бір шешімге келу үшін әрбір мәселені жастармен кең талқылап, қоғамдық өмірге азаматтық үлесін қосуда олардың ынта-жігерін арттыру әр заманда да қажет. Алдыңғы аға буындарымыз жастардың белсенділігі төмен дейді. Дегенмен, білек бір болғанымен, бес саусақ әр түрлі. Мәселен, өзіміз оқып жатқан қара шаңырақ ҚазҰУ-дағы жастардың рухани орталығын мақтанышпен айта аламын. Жастардың рухани орталығы – жастар мен руханият арасындағы алтын көпір. Әр факультеттен жиналған белсенді студенттер жастардың мәселесін

ғана емес, басқа да өзекті мәселелерді шешу жолында қызмет атқарады. Атап айтсақ, университеттің студенттік өзін-өзі басқарудың жоғарғы ұйымы – Студенттер Сенатында нағыз белсенді студенттер апта сайын рухани орталықта бас қосады. Және ондағы белсенді деген жастар қауымы – “Жас Отан” жастар қанатының белсенді мүшелері. Демек, ҚазҰУ жастарының қоғамдық белсенділігі төмен деуге негіз жоқ. Керісінше қоғамдық өмірге қызығушылығы артып, белсенділік танытам деушілердің қатары көбейіп келеді. Жастар, тек үздік оқуларымен ғана емес, саналы ойларымен, қоғамдық пікірлерімен, зор істерімен де қоғамдық өмірге барынша өз үлес-терін қосу керек. Университет қабырғасында жүріп университеттік қоғамдық ұйымдарға, бірлестіктерге, шығармашылық ұйымдарға белсене араласу – үлкен жұмыс. Ұйымдастыру қабілетімізді мықты шыңдайтынымыз да жасырын емес.

Мені жастардың қоғамдық жұмыстарға деген ынтасы жоғары екені қуантады. Бұл дегеніміз – жастардың отансүйгіштік сезімінің күшті болуы. Демек, Қазақстанның болашағы бұлыңғыр емес. Қазақстан тек жастарымен айбатты. Жарқын болашақ үшін, кемел келешек үшін жастар ел сенімін ақтайды. Мен оны сеземін, білемін. Мағжанша айтқанда: “Мен жастарға сенемін!”. Сондықтан қоғам да жастарға деген сенімін арттыра түсуі керек. Ал бұл сенім үдесінен жастардың шыға білуі, мемлекет, қоғам алдындағы өзінің жауапкершілігін ұдайы сезіне білуі шарт

Амангүл ХАМИДОЛЛА  
Журналистика факультетінің студенттер мәслихатының төрайымы,  
“Жас Отан” жастар қанатының мүшесі.

- Талабыңа нұр жаусын!

Әңгімелескен  
Ғ.МАНАТҚЫЗЫ



Жәрдем

Жақында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің “Парасат” кәсіподағының ұйымдастыруымен халықаралық қатынастар факультеті Алматы облысы, Қарасай ауданындағы Қаскелең көмекші мектеп-интернатының жетім балаларын Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтап қайтты.

# Қайырылымдылық ҚОЛЫН СОЗДЫ



Балаларға базарлық ретінде компьютер, музыкалық орталық тарту етілді. Сонымен қатар жас бүлдіршіндер балдай төтті наурыз-көжеден дәм татып, студенттер күшімен дайындалған концертті тамашалады. Халықаралық қатынастар факультетінің студенттері Иманқұлов Абзал “Секіртпе” композициясын, Лаура “Шығыс биін”, факультеттің көңілділер мен тапқырлар командасы өзіл-қалжыңдарын, Дидар мен Лейла “Don't speak” өлеңін орындап, бүлдіршіндерді өз таланттарына төнті етті. Бұдан кейін де жас бүлдіршіндер арасында жаңылтпаш айтып, түрлі ойын ойнаудан жарыстар өткізіліп, кіші-гірім сыйлықтар таратылды.

Кездесу соңында ата-ана мейі-

рімінен тыс қалған, жәутең көз балалар зор қуанышқа бөлеп, мерекелік көңіл-күй сыйлаған Алматыдан келген аға-апаларымен қимай қоштасып қол бүлғады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен “Парасат” кәсіподағы бұл көмекші мектеп-интернатқа қамқорлық жасаудың желісін үзген емес. Жыл бойы жаңа оқу жылында, Жаңа жылда, Наурыз мерекесі мен Балалар күнінде, т.б. мерекелерде “Парасат” кәсіподағы бастаған әр факультет жас бүлдіршіндерге тарту-таралғыларын жасап қайтады.

ҚазҰУ-дың  
Баспасөз қызметі

Ақпарат

## Қаламгер мерейтойы

Жақында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде жазушы, публицист, ғалым Тоқтар Әбдірахманұлы Бейісқұловтың 75 жылдық мерейтойына арналған салтанатты кеш өтті. Мерейтой иесімен кездесуде журналистика факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы Бауыржан Жақып, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Кәкен Қамзин ғалымның өмірі мен шығармашылық жолына арналған баяндамалар жасады. Сонымен қатар факультет студенттері ғалым құрметіне арнап өз өнерлерін ортаға салды.

Тоқтар Әбдірахманұлы Бейісқұлов 1932 жылы 15 қаңтарда бұрынғы Талдықорған облысы, Үйгентас ауданының Қарлығаш ауылында дүниеге келген. 1956 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін, 1966 жылы Мәскеу жоғары партия мектебінің журналистика бөлімін тәмамдаған. Көп жылдар бойы баспасөз саласындағы басшы қызметтерді абыроймен атқарған.

Жұлдыз-жорамал

# Сәуірде сізді не күтіп тұр?

*“Әзілің жарасса, атаңмен ойна  
Ебін тапсаң, енеңді киноға шақыр  
Қалжыңның жарасса, қайынбикеңнің қабырғасын сана” - дегендей әзіл деген керек жерде қару, ішер жерде ас, мінер жерде ат, жатар жерде көрпеше. ?зіл деген - витамин, ішіп көрсең асперин, кейде әзілдің де ащысы, шындықтың да тәттісі кездесіп жатады. Күлкі деген жақсы зой жасың ұзарады, тез қартаймайсың, бірақ та бетіңді әжім атты күдірет торлап кетеді. Ал қазіргі таңда одан құтылудың да түрлі жолдары алдын ала ойластырылып, табылып қойған емес пе? Иә, күліп-ойнағанға не жетсін! Ал күлкінің қыруар пайдасы жөнінде не білесіңдер? Мәселен, сіз күлгенде ауыз қуысыңыздың кеңінен ашылуы көлемі ірі немесе домалақ пішіндегі алма, алмұрт іспеттес қоректік заттарды қиналмай “опыруыңызға”, жақтың созылуы “а”, “ә” т.б. дыбыстарын ауыз қуысынан еркін шығаруыңызға, қатты күлгенде басыңыздың өз-өзіңізге бағынбай шамадан тыс қозғалуы қан айналымының жақсаруына өз ықпалын тигізеді екен. Сіздер мұны әзіл деп қабылдамаңыздар, мұның бәрі де қалжың! Бәрін айт та, бірін айт! Одан да мына алдымыздағы көктемнің екі атауы бар екінші айы сәуір немесе көкектегі жұлдыз жорамалға көз жүзіртелік. Көктегі жұлдыздар осы айға қандай болжам жасар екен?!*

**Тоқты** – шығармашылық қызметіңізге көбірек көңіл бөліңіз. Бір істі бастағанда тіліңізді калымаға келтіріңіз, өнеукүні ұрпаған сотқаңызды қымбат бағаға сатудың орайы түсіп тұр.

**Торпақ** – сәуір болмай тәуір болмайды дегендей, бұрынғы ауруыңыздан айығып, денсаулығыңыз жақсара түспек. Байқаңыз, артынша мамыр да келіп жетеді.

**Егіздер** – наурыз айында табылмаған сынарыңыз, сәуір айында қарасын көрсетпек. Дайын болыңыз.

**Шаян** – бос өңгімеге көп әуес болмай, би билегеніңіз өзіңіз үшін пайдалы. Себебі, шамадан тыс “арықтап” барасыз.

**Арыстан** - деканатқа барып аралық бақылаудың балын қайта-қайта көріп тұрыңыз. Себебі, доллардың курсы төмендеп жатыр.

**Бикеіш** – сіздерге сөз салушылар көбеюі мүмкін. Отбасы құрмай қалу қаупі бар.

**Таразылар** – салмағыңызды өлшеп, диетаға отырғаныңыз дұрыс болар. Алда жаз келе жатыр.

**Сарышаяндар** – тілдеріңізге абай болыңыздаршы! Күннен-күнге жаныңыздағыларды шаяндай шағудан шаршамадыңыздар ма?

**Мергендер** – сіздердің махаббат әлемінде жолдарыңыз болады. Абайлаңыз, үйрек атамды деп, көкекке ұрынып қалмаңыз. Олар махаббатқа тұрақсыз келеді.

**Тауешкілер** – секеңдеп би кешіне барғанды тоқтатыңыздар. Алда сессия келе жатыр.

**Суқұйғыш** – сіздер бүгін кешкісін достарыңызбен бас қосасыздар. Суды көбірек ішіп, достарыңыздың басына су құюдан сақ болыңыз.

**Балықтар** – бұл айда көңіл-күйіңіз көтеріңкі болады. Неге екенін жұлдыз жорамал мамандарының өздері де білмейді.

**Жұлдыздармен “сұхбаттасқан” Маржан ТҮРСЫНБЕКҚЫЗЫ**

## Әзілің жарасса ...

Сабақта. Шеткі партада отырып алып, қиялдап кеткен шәкіртіне профессор:

- Студент Өмірзақов! Сен неге мені тыңдамай отырсың?! – деп зекиді.

- Мен сізді тыңдап отырмын, ағай!

- Тыңдап отырсаң, менің ең соңғы айтқандарымды қайтала!

- “Студент Өмірзақов! Сен неге мені тыңдамай отырсың!”

\*\*\*

Кинотеатрда екі әйел күбір-күбір сөйлесіп отырса керек. Арт жақта отырған жас жігіт шыдамы таусылып:

- Маған ештеңе естіртпедіңіздер ғой! – деп ренжиді. Сөйтсе, әйелдер:

- Шырағым, біздің өңгімеміз өте құпия, оны сенің естуің шарт емес, - депті.

\*\*\*

Біреудің әйелі бірден үш бала туыпты.

- Әйелім аяғы ауыр кезінде “Үш нозы” романын оқып еді, соның әсері тиген-ау, сірә, - деп күйеуі достарына мақтанып отыр екен:

- “Қырық қаракшыны” оқымағанына шүкіршілік ет, - депті оған бір досы.

ҚазҰУ-дың қызғалдақтары

Фотозтюд

*Мен – мөлдір шықпын,  
Таңмен тудым, будан шықтым.  
Сәттік тамшы гұмырым.  
Жарық сәуленің қысқалығын ұқтым.  
Мен – шықпын,  
Көктем-жаз мекенім.  
Пәктіктің, мөлдірліктің не екенін  
Ұқтырып, дәлелдеп кетемін.*

Баян БЕКЕТОВА

Арай  
БАЙДӘУЛЕТОВА,  
Заң факультетінің  
1-курс студенті



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты.

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ - ректор;  
Н. ОМАШУЛЫ - проректор;  
Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;  
М.Т. МҰҚАШЕВА - “Парасат” кәсіподағының төрайымы;  
А.А. ШЫДҚО - ақпараттық-сараптамалық бөлімнің бастығы;  
Ғ.СЕРІМ - студенттердің “Сұңқар” кәсіподағының төрағасы.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор - Дәрмен СМАЙЫЛ;  
Жауапты хатшы - Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА;  
Бөлім меңгерушісі - Аерке АЛПАРОВА;  
Көркемдеуші-беттеуші - Талғат АХМЕТҚАЗЫҰЛЫ;  
Фототілаші - МАМЫРЖАН;  
Кезекші редакторлар - Жаанар ЕЛДОСҚЫЗЫ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

Нөмір редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. “Полиграфсервис” баспаханасында (Жандосов көшесі, 55) басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы- 1000 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. Тапсырыс № 75

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

“Қазақ университетіне” жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.